

Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың үлгілік жарғысы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 1382 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қыркүйектегі N 852 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.16 N 852 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Заңды тұлғаларға шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген кезде көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың қоса беріліп отырған жарғыларының мазмұны мынадай ұйымдастыру-құқықтық нысандар бойынша белгіленсін:

толық серіктестік (1-қосымша);

сенім серіктестігі (2-қосымша);

< * >

< * >

өндірістік кооператив (5-қосымша).

ЕСКЕРТУ. Жолдар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 928 қаулысымен .

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 29 қыркүйектегі

N 1382 қаулысына

1-қосымша

Толық серіктестіктің ҮЛГІ ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. _____
_____ толық серіктестігі (бұдан әрі -

серіктестік), шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестіктің құрылтайшылары (бұдан әрі - қатысушылар) мыналар бо л ы п т а б ы л а д ы :

1.3. Серіктестіктің атауы: _____
_____ толық серіктестігі.

фирмалық атауы

1.4. Серіктестіктің орналасқан жері: _____

1.5. Серіктестіктің қызмет мерзімі _____

2. Серіктестіктің заңдық мәртебесі

2.1. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқықтарын а л а д ы .

2.2. Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде шоттары, өз атауы бар б л а н к і л е р і б о л а д ы .

2.3. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына жету үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды сатып алуға, мойнына міндеттемелер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға қ ұ қ ы л ы .

2.5. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, оның қатысушылары өздеріне тиесілі барлық мүлікпен оның міндеттемелері бойынша бірлесіп жауап береді. Мемлекет серіктестіктің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік қолданылып жүрген заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда, өзінің қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

3.1. Серіктестік қатысушыларының:

1) осы жарғыда белгіленген тәртіппен серіктестіктің ісін басқаруға қатысуға;

2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның құжаттамасымен т а н ы с у ғ а ;

3) таза кірісті бөлуге қатысуға;

4) серіктестік таратылған жағдайда, несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі өз үлестеріне сәйкес мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;

5) серіктестік мүлкіндегі өзінің салған салымына бара-бар үлесінің құнын ала отырып, белгіленген тәртіппен серіктестіктен шығуға құқығы бар.

3.2. Серіктестік қатысушылары:

1) құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;

2) салымдарды құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп, мөлшер, әдістер мен мерзімдер бойынша салуға;

3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

4. Серіктестік қызметінің мақсаты мен түрлері

4.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты пайда алу болып табылады.

4.2. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін серіктестік заңдарда тыйым салынбаған қызметтің мынадай негізгі түрлері жүзеге асырылады:

4.3. Ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті жүзеге асыруға серіктестіктің құқығы жоқ.

5. Серіктестіктің мүлкі

5.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы _____ теңгеден тұрады.

5.2. Серіктестік жарғылық капиталы шаруашылық-коммерциялық қызметтен түскен пайданың есебінен, ал қажет болғанда - қатысушылардың қосымша жарналарының есебінен толықтырылуы мүмкін.

Серіктестік мүлкіндегі барлық қатысушылардың үлестері олардың жарғылық капиталға салған салымдарына бара-бар және процент түрінде есептеледі.

5.3. Серіктестіктің жарғылық капиталын құрудың тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ толық серіктестік мүлкіндегі қатысушылардың үлестері құрылтай ш а р т ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

5.4. Серіктестіктің жарғылық капиталын оның қатысушылары тіркеуден

өткеннен кейінгі бір жылдан кешіктірмей төлеуге тиіс.

Серіктестіктің қатысушысы бір жылдың ішінде жарғылық капиталға салымның өз бөлігін төлемеген жағдайда, ол төленбеген бөлігінің сомасында тұрақсыздық айыбын серіктестікке төлеуге міндетті. Тұрақсыздық айыбының мөлшері төлем жасау күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйене отырып есептеледі.

5.5. Серіктестіктің мүлкі қатысушылардың жарғылық капиталға салған бастапқы жарнасынан, қосымша жарналардан, шаруашылық және коммерциялық қызметтен түскен кірістен, сондай-ақ заем қаражаттарынан және серіктестік белгіленген тәртіппен сатып алған немесе алған басқа мүліктен құралады.

5.6. Серіктестік активтерінің жалпы құны бір жыл ішінде орта есеппен алпыс мың есе есептік көрсеткіштен асып кеткен жағдайда, серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі мәртебесін жоғалтады және қолданылып жүрген заңдарда көзделген жеңілдіктерден айырылады.

6. Серіктестіктің басқару және бақылау органдары

6.1. Серіктестіктің жоғары басқару органы қатысушылардың жалпы жиналысы болып табылады.

Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

а) серіктестіктің жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту;

б) серіктестіктің атқарушы, байқаушы және бақылау органдарын құру және оларды кері шақырту;

в) серіктестіктің жылдық есептері мен бухгалтерлік баланстарын бекіту, оның таза кірісін бөлу;

г) серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім.

Аталған мәселелер бойынша шешімдер қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Әрбір қатысушының бір дауысы бар.

6.2. Жалпы жиналыс атқарушы органның құзыретіне жатқызылған мәселелерді өз қарауына қабылдай алады.

6.3. Серіктестіктің атқарушы органы директор және (немесе) дирекция болып табылады, олар қатысушылардың жалпы жиналысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Құрылтайшылар директорды тағайындаған кезде еңбек қатынастары еңбек заңдарына сәйкес келісім-шарт

негізінде реттеледі.

6.4. Дирекция жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселелер бойынша құзыретті. Дирекция _____ мүшеден тұрады. Шешімдер дирекция мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады, дауыстар тең болған жағдайда, директордың дауысы шешуші дауыс болып саналады.

6.5. Дирекция жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселелер бойынша құзыретті, оның ішінде:

күнделікті және болашаққа арналған жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

қатысушылардың шешімдерін әзірлеу мен орындалуын ұйымдастырады, оларға орындау туралы есептер береді;

ақша қаражаттарын қоса алғанда, қатысушыларға ұсынылатын шектерде серіктестік мүлкіне билік етеді;

серіктестіктің атынан сенімхатсыз шарттар (келісім-шарттар) жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

банктерде есеп айырысу және басқа шоттар ашады; серіктестіктің еңбек ұжымының орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

серіктестік қызметкерлерін қабылдау және жұмыстан босату құқықтарын жүзеге асырады;

сенімхат береді;

мемлекеттік органдарды, соттарды қоса алғанда, ұйымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен қарым-қатынастарда қатысушылар берген және осы жарғыда белгіленген өкілеттіктер шегінде серіктестік қызметінің мәселелері бойынша серіктестікті білдіреді;

өз құзыретінің шегінде басқа функцияларды атқарады.

6.6. Байқаушы кеңес құрылған жағдайда жалпы жиналыс оның айрықша құзыретін белгілейді, оған мынадай мәселелер кіреді:

1. _____
2. _____
3. _____

6.7. Байқаушы кеңес _____ мүшеден тұрады. Байқаушы кеңес құрастыратын мәселелер бойынша шешімдер, байқаушы кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданды.

6.8. Есеп берулердің дәлдігін, серіктестік қызметінің заңдарға, осы жарғыға, келісім-шарттар мен келісімдерге сәйкес болуын бағалау жөніндегі функциялар жалпы жиналыстың шешімі бойынша сайланатын (немесе тағайындалатын) тексеру комиссиясына жүктеледі.

6.9. Серіктестіктің тексеру комиссиясының құрамына серіктестік

қатысушылары, заң актілеріне сәйкес аудиторлық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар, қаржы және бухгалтерлік есеп саласындағы тәуелсіз сарапшылар және басқа адамдар кіре алады.

6.10. Тексеріс жүргізу үшін тәуелсіз аудитор қатыстырылуы мүмкін.

7. Серіктестіктің таза кірісін бөлу

7.1. Бюджетпен өзара қарым-қатынас жөніндегі сомаларды және кәсіпорын қорларын құруға және толықтыруға бағытталған сомаларды қоспағанда, серіктестіктің кірісі, егер серіктестіктің құрылтай шартында өзгеше көзделмесе, қатысушылар арасында олардың жарғылық капиталдағы салымдарының мөлшеріне бара-бар түрде бөлінеді.

7.2. Серіктестіктің ықтимал шығындары резервтік қор есебінен өтеледі. Шығыстарды өтеу үшін резервтік қордың қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, оларды өтеу көздері туралы шешімді қатысушылардың жалпы жиналысы қ а б ы л д а й д ы .

7.3. Таза кірісті бөлуге қатысудан серіктестіктің қандай да бір қатысушысын шеттететін келісімдердің күші болмайды.

8. Серіктестіктің еңбек ұжымы

8.1. Директор жалға алу туралы келісім-шарт, сондай-ақ еңбек қатынастарын реттейтін басқа нысандар негізінде қызметкерлерді жалдауға құқылы, бірақ қызметкерлердің барлық қызметкерлерді, соның ішінде келісім-шарт және мердігерлік шарты бойынша жұмыс істейтіндерді, қосымша жұмыс істейтіндерді, аталған субъекті филиалдарының, өкілдіктерінің және басқа оқшауланған бөлімшелерінің қызметкерлерін есепке ала отырып айқындалатын орташа жылдық саны 50 адамнан аспауға тиіс.

8.2. Серіктестік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды беруге кепілдік береді .

8.3. Әрбір қызметкердің еңбек табысы жұмыстың түпкілікті нәтижелерін есепке ала отырып, оның жеке еңбек үлесімен айқындалады, оның ең көп мөлшеріне шек қойылмайды және оған белгіленген ережелерге сәйкес салық с а л ы н а д ы .

8.4. Серіктестік еңбекке ақы төлеудің нысандары мен жүйесін өз бетінше белгілейді, мемлекеттік тарифтерді тиісті біліктілігі бар қызметкер мен мамандардың еңбегіне ақы төлеудің ең төмен кепілдігі ретінде қарастыра отырып, келісім-шарттарда тарифтік ставкалар мен жалақылар мөлшерін көздейді.

8.5. Серіктестік қызметкерлері міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

8.6. Серіктестік барлық қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті және олардың денсаулығы мен еңбек қабілетіне келтірген зиян үшін заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

9. Серіктестіктің қызметін тоқтату

9.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

9.2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) заңдарда көзделген тәртіппен, жалпы жиналыстың шешімі бойынша жүргізіледі.

9.3. Серіктестік:

- 1) қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша;
- 2) соттың шешімі бойынша;
- 3) заңдарда көзделген өзге негіздер бойынша таратуға жатады.

9.4. Серіктестікті таратуды жалпы жиналыс немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған серіктестік ісін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

9.5. Тарату қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Серіктестік директоры _____ Тегі, аты, әкесінің аты

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы _____ 29 _____ қыркүйектегі

№ 1382 қаулысына

2-қосымша

Сенім серіктестігінің ҮЛГІ ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. _____ сенім серіктестігі (бұдан әрі - серіктестік), шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестіктің құрылтайшылары (бұдан әрі - қатысушылар) мыналар бо л ы п т а б ы л а д ы :

1.3. Серіктестіктің атауы: _____ толық серіктестігі.

_____ фирмалық атауы

1.4. Серіктестіктің орналасқан жері: _____

1.5. Серіктестіктің қызмет мерзімі _____

2. Серіктестіктің заңдық мәртебесі

2.1. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқықтарын а л а д ы .

2.2. Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде шоттары, өз атауы бар б л а н к і л е р і б о л а д ы .

2.3. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына жету үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды сатып алуға, мойнына міндеттемелер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға қ ұ қ ы л ы .

2.5. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Мемлекет серіктестіктің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік қолданылып жүрген заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда, өзінің қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Серіктестікке, серіктестіктің атынан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап беретін қатысушылармен (толық серіктен) қатар серіктестіктің қызметіне

байланысты шығындар тәуекелін өздері салған салым сомаларының шегінде көтеретін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына қатыспайтын салымшы қатысушылар кіреді.

3. Серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

3.1. Серіктестік қатысушыларының:

- 1) осы жарғыда белгіленген тәртіппен серіктестіктің ісін басқаруға қатысуға;
- 2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның құжаттамасымен т а н ы с у ғ а ;
- 3) таза кірісті бөлуге қатысуға;
- 4) серіктестік таратылған жағдайда, несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі өз үлестеріне сәйкес мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;
- 5) серіктестік мүлкіндегі өзінің салған салымына бара-бар үлесінің құнын ала отырып, белгіленген тәртіппен серіктестіктен шығуға құқығы бар.

3.2. Серіктестік қатысушылары:

- 1) құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;
- 2) салымдарды құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп, мөлшер, әдістер мен мерзімдер бойынша салуға;
- 3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

4. Серіктестік қызметінің мақсаты мен түрлері

4.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты пайда алу болып табылады.

4.2. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін серіктестік заңдарда тыйым салынбаған қызметтің мынадай негізгі түрлерін жүзеге асырады:

4.3. Ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті жүзеге асыруға серіктестіктің құқығы жоқ.

5. Серіктестіктің мүлкі

5.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы _____

_____ теңгеден тұрады.

5.2. Серіктестіктің жарғылық капиталын құрудың тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ толық серіктестік мүлкіндегі қатысушылардың үлестері серіктестіктің құрылтай шартында белгіленеді, бұл ретте салымшылардың жарғылық капиталдағы үлестерінің жиынтық мөлшері 50 проценттен аспауға тиіс.

5.3. Серіктестіктің қатысушысы бір жылдың ішінде жарғылық капиталға салымның өз бөлігін төлемеген жағдайда, ол төленбеген бөлігінің сомасында тұрақсыздық айыбын төлем жасау күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйене отырып, серіктестікке _____ төлеуге _____ міндеттенеді.

5.4. Серіктестіктің мүлкі қатысушылардың жарғылық капиталға салған бастапқы жарнасынан, қосымша жарналардан, шаруашылық және коммерциялық қызметтен түскен кірістен, сондай-ақ заем қаражаттарынан және серіктестік белгіленген тәртіппен сатып алған немесе алған басқа мүліктен құралады.

5.5. Серіктестік активтерінің жалпы құны бір жыл ішінде орта есеппен алпыс мың есе есептік көрсеткіштен асып кеткен жағдайда, серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі мәртебесін жоғалтады және қолданылып жүрген заңдарда көздеген _____ жеңілдіктерден _____ айырылады.

6. Серіктестіктің басқару және бақылау органдары

6.1. Серіктестіктің ісін басқару органы толық серіктер жүзеге асырады.

6.2. Серіктестіктің жоғары органы оның толық серіктерінің жалпы жиналысы болып табылады. Серіктестіктің ішкі мәселелері жөніндегі, сондай-ақ басқару органын құру тәртібі мен оның құзыреті туралы шешімдер оның барлық толық серіктерінің ортақ келісімі бойынша қабылданады.

6.3. Салымшылардың серіктестіктің ісін басқаруға қатысуға, сондай-ақ сенімхатсыз оны білдіруге құқығы жоқ. Серіктестік салымшыларының толық серіктердің серіктестіктің ісін басқару жөніндегі іс-әрекеттерін даулауға құқығы ж о қ .

6.4. Серіктестіктің ісін жүргізу тапсырылған серіктестіктің органдары барлық толық серіктерге олардың талап етуі бойынша өз қызметі туралы толық ақпарат б е р у г е _____ м і н д е т т і .

6.5. Толық серіктердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар ж а т а д ы :

а) серіктестіктің жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық

капиталының мөлшерін өзгерту;

б) серіктестіктің атқарушы, байқаушы және бақылау органдарын құру және оларды кері шақырту;

в) серіктестіктің жылдық есептері мен бухгалтерлік баланстарын бекіту, оның таза кірісін бөлу;

г) серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім.

Аталған мәселелер бойынша шешімдер қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Әрбір қатысушының бір дауысы бар.

6.6. Жалпы жиналыс атқарушы органның құзыретіне жатқызылған мәселелерді өз қарауына қабылдай алады.

6.7. Серіктестіктің атқарушы органы директор және (немесе) дирекция болып табылады, олар қатысушылардың жалпы жиналысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Құрылтайшылар директорды тағайындаған кезде еңбек қатынастары еңбек заңдарына сәйкес келісім-шарт негізінде реттеледі.

6.8. Дирекция жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселелер бойынша құзыретті. Дирекция _____ мүшеден тұрады. Шешімдер дирекция мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады, дауыстар тең болған жағдайда, директордың дауысы шешуші дауыс болып саналады.

6.9. Дирекция жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселелер бойынша құзыретті, оның ішінде:

күнделікті және болашаққа арналған жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

қатысушылардың шешімдерін әзірлеу мен орындалуын ұйымдастырады, оларға орындау туралы есептер береді;

ақша қаражаттарын қоса алғанда, қатысушыларға ұсынылатын шектерде серіктестік мүлкіне билік етеді;

серіктестіктің атынан сенімхатсыз шарттар (келісім-шарттар) жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

банктерде есеп айырысу және басқа шоттар ашады;

серіктестіктің еңбек ұжымының орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

серіктестік қызметкерлерін қабылдау және жұмыстан босату құқықтарын жүзеге асырады;

сенімхат береді;

мемлекеттік органдарды, соттарды қоса алғанда, ұйымдармен қарым-қатынастарда қатысушылар берген және осы жарғыда белгіленген өкілеттіктер шегінде серіктестік қызметінің мәселелері бойынша серіктестікті білдіреді;

өз құзыретінің шегінде басқа функцияларды атқарады.

6.10. Байқаушы кеңес құрылған жағдайда жалпы жиналыс оның айрықша құзыретін белгілейді, оған мынадай мәселелер кіреді:

1. _____
2. _____
3. _____

6.11. Байқаушы кеңес _____ мүшеден тұрады. Байқаушы кеңес құрастыратын мәселелер бойынша шешімдер, байқаушы кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

6.12. Есеп берулердің дәлдігін, серіктестік қызметінің заңдарға, осы жарғыға, келісім-шарттар мен келісімдерге сәйкес болуын бағалау жөніндегі функциялар жалпы жиналыстың шешімі бойынша сайланатын (немесе тағайындалатын) тексеру комиссиясына жүктеледі.

6.13. Серіктестіктің тексеру комиссиясының құрамына серіктестік қатысушылары, заң актілеріне сәйкес аудиторлық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар, қаржы және бухгалтерлік есеп саласындағы тәуелсіз сарапшылар және басқа адамдар кіре алады.

6.14. Тексеріс жүргізу үшін тәуелсіз аудитор қатыстырылуы мүмкін.

7. Серіктестіктің таза кірісін бөлу

7.1. Бюджетпен өзара қарым-қатынас жөніндегі сомаларды және кәсіпорын қорларын құруға және толықтыруға бағытталған сомаларды қоспағанда, серіктестіктің кірісі, егер серіктестіктің құрылтай шартында өзгеше көзделмесе, қатысушылар арасында олардың жарғылық капиталдағы салымдарының мөлшеріне бара-бар түрде бөлінеді.

7.2. Серіктестіктің ықтимал шығындары резервтік қор есебінен өтеледі. Шығыстарды өтеу үшін резервтік қордың қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, оларды өтеу көздері туралы шешімді қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдайды.

7.3. Таза кірісті бөлуге қатысудан серіктестіктің қандай да бір қатысушысын шеттететін келісімдердің күші болмайды.

8. Серіктестіктің еңбек ұжымы

8.1. Директор жалға алу туралы келісім-шарт, сондай-ақ еңбек қатынастарын реттейтін басқа нысандар негізінде қызметкерлерді жалдауға құқылы, бірақ қызметкерлердің барлық қызметкерлерді, соның ішінде келісім-шарт және мердігерлік шарты бойынша жұмыс істейтіндерді, қосымша жұмыс істейтіндерді, аталған субъекті филиалдарының, өкілдіктерінің және басқа оқшауланған бөлімшелерінің қызметкерлерін есепке ала отырып айқындалатын орташа жылдық саны 50 адамнан аспауға тиіс.

8.2. Серіктестік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды беруге кепілдік береді.

8.3. Әрбір қызметкердің еңбек табысы жұмыстың түпкілікті нәтижелерін есепке ала отырып, оның жеке еңбек үлесімен айқындалады, оның ең көп мөлшеріне шек қойылмайды және оған белгіленген ережелерге сәйкес салық салынады.

8.4. Серіктестік еңбекке ақы төлеудің нысандары мен жүйесін өз бетінше белгілейді, мемлекеттік тарифтерді тиісті біліктілігі бар қызметкерлер мен мамандардың еңбегіне ақы төлеудің ең төмен кепілдігі ретінде қарастыра отырып, келісім-шарттарда тарифтік ставкалар мен жалақылар мөлшерін көздейді.

8.5. Серіктестік қызметкерлері міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

8.6. Серіктестік барлық қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті және олардың денсаулығы мен еңбек қабілетіне келтірген зиян үшін заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

9. Қатысушылардың серіктестіктің борыштары бойынша жауапкершілігі

9.1. Толық серіктер өзінің барлық мүлкімен серіктестіктің міндеттемелері бойынша қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен бірлесіп қосымша жауап береді.

9.2. Салымшылар серіктестіктің міндеттемелері бойынша серіктестіктің жарғылық капиталына өздері салған салымдары сомаларының шегінде жауап береді.

9.3. Салымшы серіктестік мүлкіндегі өз үлесін (үлесінің бір бөлігін) басқа салымшыларға, толық серіктерге не үшінші адамдарға барлық толық серіктердің келісімімен ғана бере алады.

Басқа салымшыларға, толық серіктестерге не үшінші адамдарға үлесті

берумен бір уақытта серіктестіктен шыққан салымшыға тиесілі құқықтар мен міндеттердің бүкіл жиынтығы ауысады.

10. Серіктестіктің қызметін тоқтату

10.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату ж о л ы м е н жү р г і з і л е д і .

10.2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) заңдарда көзделген тәртіппен, жалпы жиналыстың шешімі бойынша жү р г і з і л е д і .

10.3. Серіктестік:

- 1) қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша;
- 2) соттың шешімі бойынша;
- 3) заңдарда көзделген өзге негіздер бойынша таратуға жатады.

10.4. Серіктестікті таратуды жалпы жиналыс немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған серіктестік ісін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

10.5. Тарату қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Серіктестік директоры Тегі, аты, әкесінің аты
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1997 жылғы 29 қыркүйектегі
N 1382 қаулысына
3-қосымша<*>

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1997 жылғы 29 қыркүйектегі
N 1382 қаулысына
4-қосымша<*>

ЕСКЕРТУ. 3,4-қосымшалар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 928 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1997 жылғы 29 қыркүйектегі
N 1382 қаулысына
5-қосымша

Өндірістік кооперативінің ҮЛГІ ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. _____ өндірістік кооперативі (бұдан әрі - кооператив), шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Кооперативтің құрылтайшылары (бұдан әрі - қатысушылар) мыналар бо л ы п т а б ы л а д ы :

1.3. Кооперативтің атауы: _____ өндіріс кооперативі.
фирмалық атауы _____

1.4. Кооперативтің орналасқан жері: _____

1.5. Кооперативтің қызмет мерзімі _____

2. Кооперативтің заңдық мәртебесі

2.1. Кооператив мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқықтарын а л а д ы .

2.2. Кооперативтің мөрі, дербес балансы, банктерде шоттары, өз атауы бар б л а н к і л е р і б о л а д ы .

2.3. Кооператив өздерінің жеке еңбегімен қатысуына және кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын (пайларын) біріктіруге негізделген бірлескен кәсіпкерлік қызмет жүргізу үшін азаматтар мүшелігінің негізінде құрылған.

2.4. Кооперативтің өз атынан шарттар жасасуға, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды сатып алуға, сот органдарында талапкер және жауапкер болуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2.5. Кооператив Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде филиалдар мен өкілдіктер аша алады.

2.6. Кооператив еркін негізде Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге құқылы.

3. Қызметінің мақсаты мен түрлері

3.1. Кооператив қызметінің негізгі мақсаты пайда алу болып табылады.

3.2. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін кооператив заңдарда тыйым салынбаған қызметтің мынадай негізгі түрлерін жүзеге асырылады:

3.3. Ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті жүзеге асыруға кооперативтің құқығы жоқ.

4. Кооперативтің мүлкі

4.1. Кооперативтің жарғылық капиталы _____ теңгеден тұрады.

4.2. Кооперативтің мүлкін қалыптастыру көздері:
кооператив мүшелерінің мүліктік жарналары;
кооперативтің қызметінен алынған кірістер;
Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа көздер
б о л ы п т а б ы л а д ы .

4.3. Кооперативтің меншігіндегі мүлік пен оның мүшелерінің пайдаларына бөлінеді. Пай кооператив мүшесінің кооператив мүлкіндегі үлесі болып т а б ы л а д ы .

4.4. Кооператив мүшелерінің мүліктегі үлестері процент түрінде есептеледі.

4.5. Кооператив таратылған немесе одан кооператив мүшесі шыққан жағдайда соңғысының кооператив мүлкіндегі өз үлесін өз пайына бара-бар мөлшерде бөліп алуға құқығы бар.

4.6. Мүліктік жарналар кооперативтің бастапқы капиталын қалыптастырады және олар оны құру және оның қызметін ұйымдастыру жөніндегі шығыстарды ж а с а у ғ а ж ұ м с а л а д ы .

4.7. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы, интеллектуалдық меншік нәтижелеріне және өзге мүлікке деген құқық кооперативке мүліктік жарна бола алады.

4.8. Кооператив мүшелерінің мүліктік жарналары: _____

4.9. Кооперативтің әрбір мүшесі пайының мөлшері туралы мәліметтер: _____

4.10. Кооператив мүшелерінің мүліктік жарнасының құрамы, оны енгізудің тәртібі, әдістері мен мерзімдері: _____

4.11. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша қосымша мүліктік жарналар е н г і з у к Ө з д е л у і м ү м к і н .

4.12. Кооперативтің әрбір мүшесіне оның кіру мүліктік жарнасының түрі мен мөлшерін к у ә л а н д ы р а т ы н к ұ ж а т б е р і л е д і .

4.13. Мүліктік кооператив мүшесі кооперативке өзінің жарнасы ретінде тек пайдалануға берген жағдайда жарнаның мөлшері кооператив мүшелерінің келісімімен белгілеген кезеңге есептелген осы мүлікті пайдаланудың жалдау ақысына с ү й е н е о т ы р ы п а й қ ы н д а л а д ы .

5. Кооперативке мүшелік

5.1. Кооператив мүшелері кемінде екі адам болуға тиіс.

5.2. 16 жасқа толған, кооператив мүшесі болуға тілек білдірген және оның қызметіне өз еңбегімен қатысуға қабілеті бар кез келген жеке адам кооператив м ү ш е с і б о л а а л а д ы .

Кәмелетке толмағандар кооперативке мүшелікке өткен кезде олардың ата-аналарының, асырап алушыларының немесе қамқоршыларының келісім т а л а п е т і л е д і .

5.3. Кооператив мүшесі төрағаға шығуынан кемінде екі апта бұрын бұл туралы жазбаша ескерте отырып, өз қалауынша одан шығуға құқылы.

5.4. Кооператив мүшесі жалпы жиналыстың шешімі бойынша одан: жарғымен өзіне жүктелген міндеттемелерді жүйелі түрде орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда; осыған ұқсас кооперативке мүше болуына байланысты шығарылуы мүмкін.

5.5. Кооперативке мүшелік мынадай жағдайларда: кооператив мүшесі қайтыс болғанда, ол қайтыс болды деп хабарлағанда, ол хабар-ошарсыз жоғалған деп танылғанда; кооператив мүшесі өз пайын белгіленген тәртіппен басқа адамға бергенде; несие беруші (несие берушілер) кооператив мүшесінің пайын өтемге алғанда т о қ т а т ы л а д ы .

5.6. Кооператив мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері кооперативке мүшелікке қабылдана алады. Мұрагерлер кооперативке мүшелікке өтуден бас тартқан жағдайда оларға қайтыс болған кооператив мүшесінің

мүліктегі үлесі қайтыс болған мүшенің пайына бара-бар мөлшерде төленеді.

5.7. Кооператив мүшесі өз пайын кооперативтің басқа мүшесіне сатуға немесе басқадай жолмен беруге құқылы. Пайды үшінші адамдарға беруге кооперативтің қалған мүшелері келісім бергенде ғана жол беріледі.

6. Кооператив мүшесінің пайын өтеуге алу

6.1. Кооператив мүшесінің пайын оның жеке борыштары бойынша өтемге алуға мұндай борыштарды жабу үшін оның өзге мүлкі жеткіліксіз болған кезде ғана жол беріледі.

6.2. Пайды өтемге берген кезде кооператив өзінің борышкер мүшесінің пайына сәйкес келетін үлесті кооператив мүлкінен бөледі. Үлес мөлшері несие берушінің талап етуі келіп түскен күнгі бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалады.

Үлес ақшалай немесе заттай нысанда бөлінеді.

7. Кооперативтің басқару және бақылау органдары

7.1. Кооперативтің жоғары органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады.

Кооператив қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- а) кооперативтің жарғысын өзгерту;
- б) атқарушы, тексеру органдарын және байқаушы кеңесін құру және олардың мүшелерін кері шақырту;
- в) кооперативтің қорлары мен резервтерінің түрлері мен мөлшерін және олардың пайдаланылуының бағыттарын белгілеу;
- г) кооперативтің ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, кооперативтің лауазымды адамдарына, оның мүшелеріне және жалдамалы жұмыскерлерге еңбек ақы төлеу туралы ережелерді және кооперативтің басқа да ішкі актілерін қабылдау мен өзгерту;
- д) кооперативтің филиалдары мен өкілдіктерін құру, шаруашылық серіктестіктерін құру және оларға қатысушы ретінде кіру;
- е) қосымша пай жарналарын енгізу туралы мәселені шешу;
- ж) кооперативтің мүшелігіне қабылдау және одан шығару;
- з) кооперативтің жылдық есептері мен бухгалтерлік баланстарын бекіту, оның таза кірісін бөлу;

- и) кооперативті қайта ұйымдастыру мен тарату туралы мәселені шешу;
- к) тексеру комиссиясының есебін бекіту;
- л) кооператив басқармасының (кооператив төрағасының) есебін тыңдау.

Кооперативтің айрықша құзыретіне кіретін мәселелер кооперативтің атқарушы органдарының қарауына берілмейді.

7.2. Жалпы жиналыс кезекті және кезектен тыс болуы мүмкін.

Кезекті жалпы жиналыс кооперативтің төрағасы белгілеген мерзімдерде, бірақ кезекті қаржы жылы аяқталғаннан кейін 3 айдан кешіктірмей өткізілуі тиіс.

7.3. Жалпы жиналыс оған кооператив мүшелерінің немесе олардың сенімді адамдарының жартысынан астамы қатысқанда заңды болып есептеледі.

7.4. Жалпы жиналыс шешім қабылдаған кезде кооперативтің әрбір мүшесінің өз пайының мөлшеріне қарамастан бір дауысы болады.

Жалпы жиналыстың шешімі жалпы жиналысқа қатысып отырған кооператив мүшелерінің немесе олардың сенімді адамдарының жартысынан астамы оны жақтап дауыс бергенде қабылданған болып есептеледі.

7.5. 1-тармақтың а), е), ж), и)-тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша шешімдер кооперативтің барлық мүшелерінің кемінде үштен екісі оларды жақтап дауыс бергенде қабылданған болып есептеледі.

Кооперативті шаруашылық серіктестік етіп қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру бірауыздан қабылданған шешімнің негізінде жүргізіледі.

Шығару туралы мәселесі қаралып отырған кооператив мүшесі дауыс беруге қатыспайды.

8. Кооперативтің атқарушы органы

8.1. Басқарма және (немесе) оның төрағасы кооперативтің атқарушы органы б о л ы п т а б ы л а д ы .

8.2. Кооператив басқармасын басқарма мүшелерінің арасынан жалпы жиналыс сайлайтын төраға басқарады.

8.3. Кооператив басқармасының мүшелері (кооператив төрағасы) кооператив мүшелерінің жалпы жиналыстарында кооператив мүшелерінің арасынан _____ мерзімге сайланады.

Кооператив басқармасы (төрағасы) кооперативтің қызметіне ағымдағы басшылық жүзеге асырады және мұндай қызметпен байланысты және кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кірмейтін барлық мәселені шешеді.

Кооператив басқармасы (төрағасы) жалпы жиналыстың алдында есеп береді.

Б а с қ а р м а (т ө р а ғ а) :

кооперативтің атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;

заңдарда көзделген шектерде кооперативтің мүлкіне билік етеді;
кооперативтің атынан сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру
құқығымен сенімхаттар береді;
банктерде және басқа да несие ұйымдарында кооперативтің шоттарын ашады;

жалдамалы жұмыскерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
өз құзыретінің шегінде кооперативтің мүшелері мен жалдамалы
жұмыскерлердің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар
б е р е д і .

8.4. Төрағаның орынбасары жалпы жиналыста тағайындалады және ол төраға
болмаған кезде және төраға өз міндеттерін дәлелді себептер бойынша орындай
алмаған кезде оның функцияларын атқарады, сондай-ақ жалпы жиналыс пен
төрағаның тапсырмаларын орындайды.

9. Тексеру комиссиясы

9.1. Кооператив тексеру комиссиясын құруға құқылы, ол кооперативтің
атқарушы органдарының қаржылық қызметіне бақылау жасайды. Кооператив
мүшелері ғана тексеру комиссиясына мүше бола алады. Тексеру комиссиясының
мүшелері кооперативтің атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

9.2. Тексеру комиссиясының мүшелері кооператив мүшелерінің жалпы
жиналысында сайланады.

Тексеру комиссиясының құзыретіне басқарманың қаржылық қызметін
тексеру, бухгалтерлік құжаттарды және қаржылық есепті тексеру кіреді.

9.3. Тексеру комиссиясы:

- а) жалпы жиналыстың тапсырмасы бойынша;
- б) өз бастамашылығымен;
- в) кооператив мүшелерінің кемінде 10 процентінің талап етуі бойынша
тексеру жүргізеді.

9.4. Қаржылық қызметке тексеру жүргізу және қаржылық есептілікті растау
үшін кооператив сыртқы аудиторларды қатыстыра алады.

10. Кооператив мүшелерінің оның қызметіне еңбекпен қатысуы

10.1. Кооперативтің әрбір мүшесі кооператив қызметіне өз еңбегімен
қ а т ы с у ғ а т и і с .

10.2. Кооператив мүшесінің жеке еңбекпен қатысуының сипаты мен тәртібін

жалпы жиналыс белгілейді және олар жалпы жиналыстың хаттамасымен ресімделеді.

10.3. Кооператив мүшесі кооперативтің қызметіне жеке еңбегімен қатысу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауапқа тартылады, сондай-ақ ол жалпы жиналыстың шешімі бойынша кооперативтен шығарылуы мүмкін.

11. Таза кірісті бөлудің тәртібі

11.1. Кооперативтің кірістері жылдық қорытынды бойынша айқындалады. Салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған кіріс кооперативтің толық билігінде қалады және өндірісті дамытуға, шикізат пен материалдарды сатып алуға, жалдамалы жұмыскерлерге еңбек ақы төлеуге жұмсалады.

11.2. Кірістің бір бөлігі жалпы жиналыстың шешімі бойынша кооператив мүшелерінің арасында олардың еңбекпен қатысуына сәйкес бөлінеді.

11.3. Кооперативтің шығындары оның мүлкінің есебінен өтеледі.

11.4. Кооператив мүлкі жетпеген жағдайда кооператив мүшелері оның міндеттемелері бойынша қосымша (бірлескен) жауапкершілікте болады.

Мүшенің қосымша (бірлескен) жауапкершілігінің шекті мөлшері кооператив мүшесі пайының құнының мөлшері болады. Кооператив мүшелерінің арасында жауапкершілікті бөлу олардың пайларының мөлшеріне бара-бар жүргізіледі.

12. Кооперативтің қызметін тоқтату

12.1. Кооперативтің қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

12.2. Кооперативті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) жалпы жиналыстың шешімі бойынша заңдарда көзделген тәртіппен жүргізіледі.

12.3. Кооператив:

- 1) кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша;
- 2) соттың шешімі бойынша;
- 3) заңдарда көзделген өзге негіздер бойынша таратуға жатады.

12.4. Кооперативті таратуды жалпы жиналыс немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап

оған кооператив ісін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

12.5. Тарату қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Кооператив төрағасы

Тегі, аты, әкесінің аты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК